Нұсқаулықты кепілдік картасымен, кассалық чекпен, мүмкіндігінше картон қораппен және қаптама материалмен бірге сақтап қойыңыз.

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі керек.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Пайдаланар алдында осы Нұсқаулықты мұқият оқыңыз және оны сақтап қойыңыз.
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда), мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы аспапты пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда, пайдалануына арналмаған. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Аспапты іске қосар алдында, оны қарап тексеріп шығыңыз. Аспаптың және аксессуарлардың көзге көрінетін зақымданулары болса, проблеманы жойғанша оны пайдаланбаңыз.

- Роботты қуаттандыру және аккумуляторды (АКБ) зарядтау үшін, тек осы модельдегі робот-жуғыш жиынтығына кіретін қосу сымы мен қорек блогын пайдаланыңыз. Баусым мен қорек блогын басқа мақсатта пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны тек терезелер мен жақтаулардағы әйнектерді тазалау үшін пайдалануға болады. Құрылғы терезелер мен терезелерді жақтаусыз тазалауға жарамайды, өйткені тазалау кезінде роботтың құлап кету қаупі бар.
- Қоректендіру сымы зақымдалған жағдайда құрылғыны ешқашан розеткаға қоспаңыз. Егер баусым мен қорек блогын ауыстыру (жөндеу) қажет болса, авторланған сервистік орталыққа хабарласыңыз. Қорек блогын бөлшектемеңіз!
- Құрылғыны тазалау және қызмет көрсету алдында электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін, қорек блогын желіден ажырату және қуат баусымын құрылғыдан ажырату қажет.
- Резервтік аккумулятордың зарядталуын қамтамасыз ету үшін, қорек баусымын роботқа қосыңыз және қуат блогы сымының шанышқысын розеткаға салыңыз. Аспапты желіде қосағалаусыз қалдырмаңыз. Зарядтау аяқталғаннан кейін, егер оны пайдаланғыңыз келмесе, құрылғыны желіден ажыратыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қорек ағытпасының түйіспелерін өзара металл заттармен тұйықтауға қатаң тыйым салынады!

- Ылғалды немесе зақымдалған тегіс емес беттерде жуғышты пайдаланбаңыз.
- Аспапты жаңбырлы ауа райында және жоғары ылғалдылықта пайдаланбаңыз.
- Қорек блогының бауының айырын тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосу алдында қорек блогы желіде қолданылатын кернеуге есептелгеніне көз жеткізіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Орнату кезінде аспаптың құлап кетпеуі үшін, оның бетіне сенімді бекітілгеніне және сақтандыру сымарқанының үзілмегеніне көз жеткізбей аспапты жібермеңіз. Жинақталған сақтандыру сымарқанының бір ұшы аспапқа, ал екінші ұшы карабиннің көмегімен үй-жайдағы орнықты қатаң бекітілген затқа қосылуы керек.

- Жинақталмаған сымарқандарды, стандартты емес қуат көздерін немесе қосылу құрылғыларын пайдаланбаңыз.

- Аспапты үй-жайдан тыс жерде пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, өткір бұрыштарға соғылудан, ылғалдылықтан сақтаңыз (еш жағдайда аспапты суға батырмаңыз).
- Қуат баусымының айырын желіге ылғал қолмен қоспаңыз (оған ылғал қол тигізбеңіз).
- Аспап пайдаланылмаса, аспапты желіде қалдырмаңыз.
- Аспапты қарасыз қалдырмаңыз. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Аспапты, қуат баусымынан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, қорек баусымын ұстап, аспапты желіден ажыратуға тыйым салынады. Қорек блогының бауын желіден ажыратқан кезде ток өткізгіш штифтерге тигізбей, қоректендіру бауы айырының корпусынан ұстаңыз.
- Аспапқа және жиынтыққа кіретін аксессуарларға өз бетінше жөндеу жүргізбеңіз. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді. Жөндеу, тексеру және реттеу тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін, тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Кез келген сипатты ақаулықтар пайда болғанда POLARIS авторланған сервистік орталыққа немесе Polaris ресми сатушысына жүгініңіз.

ОСЫ АСПАПТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Жұмысқа кірісуден бұрын, міндетті түрде сақтандырғыш сымарқанды бекітіп, оны бөлме ішіндегі орнықты затқа мықтап байлаңыз. Сақтандырғыш сымарқанның зақымдануын тексеріңіз.
- Тазартуды бастаудан бұрын, кірістірілген резервтік батареяны толығымен зарядтаңыз (оң жақ индикатор жасыл жанып тұруы керек).
- Ылғалды тазалауды жүргізбес бұрын, резервуарда судың жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз. Резервуар робот-жуғыш корпусының жоғарғы бөлігінде орналасқан.
- Резервуарды толтыру үшін тек таза минералсыздандырылған суды пайдаланыңыз, судағы кез келген қоспалар мен жуғыш заттарды қосуға тыйым салынады. Резервуар тек аспап жиынтығынан өлшеуіш сыйымдылық көмегімен толтырылады, басқа әдістермен аспапқа су құюға болмайды.
- Роботты тазалау үшін химиялық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғыштың қорек ажыратқышына қорек блогынан қоректену бауын қосыңыз, оны бекіту гайкасын соңына дейін бұрап бекітіңіз. Қорек блогы баусымының айырын розеткаға салыңыз. Блоктағы көк индикатордың жарқырауы блоктың қосылғанын білдіреді. Батарея толық зарядталған болса, құрылғының оң жағындағы жасыл индикатор да жанады.
- Роботты тұтқасынан ұстап, оны әйнек бетіне жақтаудың шетінен шамамен 10 см қашықтықта орнатыңыз.
- Қосу/Өшіру түймесін 1 секундтан астам басып, роботты қосыңыз.
- Роботты босатудан бұрын, оның әйнекке мықтап қысылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Вакуумның жеткілікті деңгейінде, егер автоматты су бүрку функциясы қосылған болса, сол жақ индикатор баяу көк түске жыпылықтайды және егер бұл функция өшірілген болса, тұрақты жарқырайды. Сол жақ (көк) және ортаңғы (ақ) индикаторлар вакуум күші жеткіліксіз болған кезде, мысалы, робот қосылған, бірақ әйнектен алынған болса, дыбыстық сигналмен жыпылықтайды.
- Жұмысты аяқтау үшін роботты тұтқасынан ұстап тұрыңыз. Роботты қосу/өшіру түймесін 1 секундтан астам басып тұрып өшіріңіз. Содан кейін роботты бетінен абайлап алыңыз.
- Тек қана өндіруші ұсынған аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Аспаптың ауа кіретін және шығатын тесіктерін жаппаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты корпусың шеттеріне және бүйір бөліктеріне орнатуға тыйым салынады.

- Бұл аспап әйнектен, кафельден және керамикадан жасалған жабын элементтері арасында ойықтар мен толтырылмаған жіктер түріндегі тегіс емес беттерді тазалау үшін жарамды. Аспапты тегіс емес беттерде, сондай-ақ оларда кедергілер болған кезде пайдалануға болмайды.
- Аспап тек түпнұсқа кіріктірілген АКБ-мен және жинақталған зарядтау құрылғысымен/қорек блогымен жұмыс істеуге есептелген. Қуат беру және зарядтауға арналған бөгде құрылғыларды пайдалану аспаптың зақымдануын тудыруы мүмкін.
- Аспапты қолданар алдында, терезеден немесе басқа беттен роботтың қозғалысына кедергі келтіретін барлық заттарды, нәзік және сынғыш заттарды, мысалы, көше градуснигін алып тастаңыз.
- Егер құрылғы пайдаланылмаса, сондай-ақ құрылғыны тазалау және қызмет көрсету алдында қуат көзін өшіріңіз.
- Әрбір қолданғаннан кейін құралды тазалаңыз.
- Роботты су ағынының астында жууға, оны дымқыл шүберекпен сүртуге және дымқыл беттерде қолдануға болмайды.
- Батареялардың кәдеге жаратылуын жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес жүргізу қажет.
- Тұтануды болдырмау үшін қашықтан басқару пультінің сілтілі қоректену элементтерін зарядтамаңыз немесе бөлшектемеңіз, оларды отқа тастамаңыз.
- **Бұйым қатты зақымданған болса да, оны жағуға болмайды, аккумулятордың жануы жарылысқа әкелуі мүмкін.**



НАЗАРЫҢЫЗДЫ АУДАРАМЫЗ!

Егер терезе жуғыштың жұмысы кезінде тиісті түрде бекітілген қауіпсіздік сымы пайдаланылмаса, онда терезе жуғыш әйнек жазықтығынан құлаған кезде, құлау салдарынан пайда болған зақым өндірушінің кепілдігіне жатпайды. Мұндай жағдайларда дайындаушы бұйымның корпусық және сәндік элементтері құлаған кезде бүлінген бұйымдарды қалпына келтіру мүмкін застігі үшін жауапкершілікті өзінен алып тастайды.

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған. Робот-терезе жуғыш тұрмыстық үй-жайлардағы кафельден немесе керамикадан жасалған жабындылардың элементтері арасында шұңқырлар мен толтырылмаған жіктер түріндегі кедір-бұдырлары жоқ рамалардағы немесе рамалармен шектелген қатты тегіс тік беттердегі терезе әйнектерін сулану мүмкіндігі бар алмалы-салмалы айналмалы майлықтармен (микроталшықтармен) сүрту арқылы құрғақ және ылғалды тазалауға арналған. Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Сонымен қатар аспап үй-жайлардан тыс және ауа температурасы +15°C-ден төмен және ылғалдылығы жоғары жылытылмайтын үй-жайларда пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.

ЖИЫНТЫҚТАМА


Робот-терезе жуғыш жинаулы	1 дана.
Сақтандыру сымарқаны (орнатылған)	1 дана.
Резервтік АКБ (аккумуляторлық батарея (аспапқа кіріктірілген)	1 дана.
Қорек блогы	1 дана.
Қуат баусымы	1 дана.
Тазалау майлығы бар майлық ұстағыш (орнатылған)	2 дана.
Қосалқы майлық ұстағыш	2 дана
Қосалқы тазалағыш майлық	14 дана.
Резервуар толтыруға арналған құты 100 мл	1 дана.
Қашықтан басқарудың пульті	1 дана.
Пультті қоректендіруге арналған PB AAA сілтілі қоректендіру элементі	2 дана.
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана.
Кепілдік талоны	1 дана.

РОБОТ-ЖУҒЫШ ИНДИКАТОРЛАРЫ

← СОЛ ЖАҚ индикатор	АСПАПТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ
КӨК (жанады)	Сұйықтықты автоматты бұрку сөндірілген/ бетке бекіту үшін жеткілікті вакуум деңгейі
КӨК (тез жыпылықтады)	Резервуардағы сұйықтықтың төмен деңгейі/ вакуум деңгейі бетке бекіту үшін жеткіліксіз
КӨК (солқылдайды)	Сұйықтықты автоматты түрде бұрку іске қосылған

↑ ОРТАЛЫҚ индикатор	АСПАПТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ
АҚ (жанады)	Аспап WIFI желісіне қосулы
АҚ (жыпылықтаушы)	WIFI желісіне қосылуда
КӨК және АҚ (жыпылықтаушы)	Құрылғының ақауы/пәрменнің қатесі/электр қуатының үзілуі (роботты мүмкіндігінше тезірек жер бетінен алып тастау керек)


→ ОҢ ЖАҚ индикатор	АСПАПТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ
ЖАСЫЛ (жанады)	Резервтік аккумулятор толығымен зарядталған/ тазарту процесі басталды
ҚЫЗҒЫЛТ САРЫ (жанады)	Заряд деңгейі төмен/ құрылғы зарядталуда/ тазарту процесі тоқтатылды



1-сурет



Ескертпе. Суреттер мен иллюстрациялар таныстыру мақсаттарында келтірілген және бұйымның нақты сыртқы көрінісінен ерекшеленуі мүмкін. Бұйымның құрастырылым және техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.




АСПАПТЫ АШУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

- Қорапты ашып, құралды абайлап шығарып алыңыз, оны бүкіл орауыш материалдардан босатыңыз.
- Жеткізілім жиынтығын тексеріңіз («Жиынтықтылау» бөлімін қараңыз).
- Барлық аксессуарлар мен зарядтау құрылғысын алып шығарыңыз.
- Барлық құрамдас бөліктер зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

ЖЕЛІГЕ ҚОСУ

- Қоректендіру баусымының штекерін аспапқа қосып, сағат тілінің бағытымен бұrandаны тірелгенше бұраңыз.
- Желілік қорек баусымын қорек блогына қосыңыз, қоректену айырын розеткаға салыңыз.
- Желіге қосылған кезде дыбыстық сигнал беріледі, сол жақ көк шам қысқа уақытқа жанады. Оң жақтағы индикатор жасыл түспен жанады, егер қосалқы батарея толық зарядталған болса немесе толық емес зарядталған болса - қызғылт сары түспен жанады, ішкі қосалқы батареяны зарядтау басталады.



3-сурет




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Роботты пайдалану алдында резервтік аккумуляторды толығымен зарядтаңыз, егер ол зарядсыз болса (толық зарядталған кезде оң жақ индикатор жасыл түске боялады).

Орнатылған резервтік аккумулятор роботқа электр қуаты өшірілген жағдайда құлап кетпеуге мүмкіндік береді, вакуумдық сорғының жұмысын қолдайды. Робот толық зарядталған аккумуляторда 30 минутқа дейін жұмыс істеп, дыбыстық сигнал береді. Тазаалау кезінде роботты қараусыз қалдыруға болмайды. Пайдаланушы мүмкіндігінше тезірек құрылғыны желіге қосу немесе құлап кетпеу үшін құрылғыны жер бетінен алып тастауы керек.

САҚТАНДЫРДЫРУ СЫМАРҚАНЫН БЕКІТУ


- Жұмысқа кірісуден бұрын міндетті түрде сақтандыру сымарқанын қарабиннің көмегімен бөлмедегі орнықты затқа бекітіңіз.
- Сымарқанның бүлінбегеніне және роботқа қосылғанына көз жеткізіңіз.



4-сурет

ЫЛҒАЛ ЖИНАУҒА ДАЙЫНДЫҚ


1. Желіден ажыратыңыз.
2. Роботты төңкеріп, үстіңгі тазалағыш орамалды ұстағышпен бірге алыңыз.
3. Силиконды жапқышты ашып, тазартылған суды (көлемі 45 мл-ден аспайтын) флакон-дозатордың көмегімен су резервуарына құйыңыз. Резервуардағы тұрақты ауа қысымын қамтамасыз ету үшін резервуарды 80%-дан артық толтырмаңыз.
4. Тек тазартылған кальцийсіздендірілген сүзілген суды қолданыңыз. Су резервуарына жуғыш заттарды қоспаңыз.
5. Тұрақты қысымды ұстап тұру үшін суға арналған ыдысты 80% -дан артық толтырмаңыз.
6. Жапқышты мықтап жауып, тазалағыш майлықты орнына қойыңыз. Сұйықтығы бар роботты ыдыста сақтамаңыз, жұмыс аяқталғаннан кейін оны міндетті түрде тегіп тастаңыз.



5-сурет

ТАЗАЛАУ МАЙЛЫҒЫН ОРНАТУ


- Салфетка ұстағыштың шетінен тартып, оны аспаптан ажыратыңыз.
- Тазалау салфеткасын дөңгелек ұстағышқа салфетканың түкті жағымен сыртқа қарай тартыңыз. Салфетканың тегіс жағы тазаламайды.
- Сызбаға сәйкес, тазалағыш майлықтың майлық ұстағышына киілгеніне көз жеткізіңіз.
- Роботқа ұстағышты орналастырыңыз, ұстағыштың тығыз бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



6-сурет

ТАЗАЛАУ ҮШІН БЕТТІ ДАЙЫНДАУ


- Роботты іске қоспас бұрын, тазалау аймағындағы кедергілерді, мысалы, көше градусниктерін жылжытыңыз.
- Тазалауға арналған беттің зақымдалмағанына және тегіс емес екеніне көз жеткізіңіз. Кері жағдайда вакуум деңгейі жеткіліксіз болады.
- Бірінші іске қосу бетіндегі ірі ластануларды кетіру үшін құрғақ тазалау режимінде болуы керек, құрғақ тазалау үшін пульттің автоматты бүрку режимін өшіріңіз ("БҚ пульті" бөлімін қараңыз).
- Құрғақ тазартудың бірінші кезеңінде сұйықтықты бетке немесе тазалағыш майлықтарға шашыратпаңыз. Сұйықтық беткі қабаттағы шаң мен құммен араласып, лас жолақтарды қалдыруы мүмкін, бұл тазалау процесін қиындатады.
- Робот тазалай алатын терезенің ең аз өлшемі: 40 x 40 см.



7-сурет

ЖҰМЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ

- Аспапты қоректендіру желісіне қосыңыз.
- Құралды тұтқасынан ұстап, салфеткалармен айнекке жақтаудан шамамен 10 см қашықтықта қысыңыз және қысып ұстаңыз.
- Роботты қосу үшін ҚОСУ/ӨШІРУ  түймесін басып, 2 секунд ұстап тұрыңыз.
- Роботтың бетке сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз, содан кейін оны босатыңыз. Вакуум деңгейі жеткілікті болғанда, сол жақ индикатор көк түске боялады. Индикатор вакуум күші жеткіліксіз болған кезде, мысалы, робот қосылған, бірақ айнекке қысылмаған болса, көк түске тез жыпылықтайды.



8-сурет



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Зарядтау шнурының түйіспелерін металл заттармен өзара жабуға үзілді-кесілді тыйым салынады!


Ұзақ уақыт сақтар алдында АКБ жартылай разрядтаңыз. Аспапты және АКБ-ны теріс температура жағдайларында сақтамаңыз.

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУДЫҢ ПУЛЬТІ

	Іске қосылған кезде робот "жоғары, содан кейін төмен" бағдарламасы бойынша тазартуға кіріседі
	Робот іске қосылған кезде "солға содан кейін төмен" бағдарламасы бойынша тазалауға кіріседі
	Робот іске қосылған кезде "оңға содан кейін төмен" бағдарламасы бойынша тазартуға кіріседі
	AU Сұйықтықты автоматты түрде бұрку ҚОСУ/ӨШІРУ
	Сұйықтықты қолмен бұрку
	Қолмен жоғары жылжыту
	Қолмен төмен жылжыту
	Қолмен солға жылжыту
	Қолмен оңға жылжыту
	Іске қосу/Кідіріс


АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ТАЗАЛАУ СЦЕНАРИЙІ

-  түймесін басқан кезде, жуғыш робот, тазалауды бастайды, ол жоғары қарай жылжиды, содан кейін солдан оңға қарай ирек тәрізді траекториямен төмен түседі.




10-сурет

-  түймесін басқан кезде, робот-жуғыш оңнан солға қарай ирек тәрізді траекториямен төмен түсіп, тазалауды бастайды.



11-сурет

-  түймесін басқан кезде, робот-жуғыш солдан оңға қарай ирек тәрізді траекториямен төмен түсіп, тазалауды бастайды.





12-сурет

ПАЙДАЛАНУ

- Роботты бетке бекіткеннен кейін, роботты "AU" түймесімен беттен шаңды кетіру үшін құрғақ тазалау режимінде іске қосыңыз (пульт іске қосылғаннан кейін автоматты бұрку режимін өшіріңіз).
- Роботты іске қосу роботтағы немесе пульттегі ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін бір рет басу арқылы жүзеге асырылады. 
- Тазалаудың бірінші кезеңі аяқталғаннан кейін, роботты қайта іске қосыңыз, бірақ ылғалды тазалау режимінде. Автоматты су бұрку режимі әдепкі бойынша қосылады. Егер ол сөндірілген болса, шашыратуды қосу үшін ҚБ пультіндегі "AU" түймесін басыңыз.
- Бұрку робот-жуғыш қозғалатын жақтан жүреді. Барлығы аспапта су шашатын 2 бүріккіш бар. Егер робот солға қарай қозғалса, онда судың шашырауы сол жақта болады. Егер робот оңға қарай қозғалса, онда судың шашырауы оң жақта болады.
- Судың шашырауы үзілісті және роботтың әрбір 2-3 қадамында болады.
- Тазалаудың екінші кезеңі аяқталған кезде, сұйықтықты автоматты бұркуді өшіру үшін ҚБ пультіндегі  түймені басыңыз. Робот режимнің өшірілгенін растайтын дыбыстық сигнал шығарады.
- Автоматты бұрку режимі өшірілген кезде, сұйықтықты қолмен бұрку мақсатында, сұйықтықты бір рет бұрку үшін  түймесін бір рет басыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр желісіне қосылмаса ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басқанда, робот қосылмайды, бұл қалыпты жағдай.




13-сурет

РЕЗЕРВТІК АКБ, ҚОРЕКТІҢ ІСТЕН ШЫҒУЫ


- Негізгі қуаттың істен шығуы немесе ажыратылуы жағдайында робот шамамен 30 минутқа жететін кіріктірілген аккумулятордан іске қосылады.
- Қуат көзін өшірген кезде, көк және ақ индикаторлар жыпылықтай бастайды, құрылғы ескерту дыбысын шығара бастайды. Бұл ретте пайдаланушы қуаттың ажыратылуына байланысты оның құлауын болдырмау үшін құрылғыны терезеден мүмкіндігінше тезірек алуы керек.
- Сақтандыру сымарқаны құрылғы құлаған кезде оның салмағын ұстап тұруға арналған.
- Егер қоректену бұзылған кезде, шаңсорғыш қол жетпейтін жерде тоқтап қалса, оны абайлап тросқа тартуға болады. Керілген кезде құрылғының құлауын болдырмау үшін, бұл ретте сымарқан мүмкіндігінше әйнек бетіне жақын болуы керек.

ЖҰМЫСТЫ АЯҚТАУ

- Жұмыс аяқталғаннан кейін аспап өздігінен тоқтайды.
- Егер робот бүкіл бетті жүріп өтіп, тазалауды аяқтамаса және төмен қарай жылжуды жалғастырса, оны ҚБ пультімен тоқтатыңыз.
- Роботты бетінен алу үшін бір қолыңызбен құрылғыны тұтқадан ұстап тұрыңыз, екінші қолыңызбен қоректенуді өшіріңіз (ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басып, 2 секунд ұстап тұрыңыз).
- Егер сіз құрылғыға қол жеткізе алмасаңыз, пультті пайдаланыңыз немесе құрылғыны сақтандыру сымарқанынан ақырын тартыңыз (роботтың құлап кетуіне жол бермеу үшін, сымарқанды мүмкіндігінше терезеге жақындатыңыз).
- Роботты тазаланатын беттен алғаннан кейін оны қатты металл емес бетке қойып, содан кейін қорек блогын желіден ажыратыңыз, содан кейін сағат тіліне қарсы бұрандалы қосылысты бұрап, қорек баусымын роботтан ажыратыңыз.
- Сақтандыру сымарқанын ажыратыңыз.
- Салфетка ұстағыштарын ажыратыңыз, салфеткаларды алыңыз және оларды жуыңыз ("Тазалау салфеткаларын күту" бөлімін қараңыз).
- Майлықтарды жуғаннан кейін сақтау алдында құрғатыңыз.



14-сурет



15-сурет

ТАЗАЛАУ МАЙЛЫҚТАРЫНА КҮТІМ ЖАСАУ

Тазалау салфеткаларын жуғыш зат қосылған сумен жуып, таза сумен шайып, табиғи жолмен (қыздырмай) кептіреді.

- Қолмен немесе машинамен 30-40 ° C температурада жуу ұсынылады.
- Ағартуға болмайды.
- 40 °C-тан жоғары температурада кептіруге болмайды.
- Үтіктеуге болмайды.
- Химтазалауға тыйым салынған



НАЗАРЫҢЫЗДЫ АУДАРАМЫЗ!



Қаттылық деңгейі жоғары суды пайдалану тауар компонентіндегі (контейнердегі, су беру модуліндегі және т.б.) су беру жиклерлерінің суда еріген тұздар мен қоспалар шөгінділерімен бітеліп қалуына әкеп соғуы мүмкін. Бұл тауардың өндірістік кемшілігі болып табылмайды.

Өндіруші тек қоспасыз ЖҰМСАРТЫЛҒАН ТАЗАРТЫЛҒАН СУДЫ пайдалануды қатаң түрде ұсынады. Су беру компоненттері шөгінділермен бітелген кезде тұтынушы:



- Шөгінділерді тазарту үшін немесе бітелудің орнына жаңа компонент сатып алу үшін POLARIS ASC-ге жүгіне алады.

- Бірінші рет қолданар алдында роботты зарядтаңыз ("Желіге қосылу" бөлімін қараңыз).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспап роботтың вакуумдық бекітілуін қамтамасыз етпейтін тегіс емес беттерде, майлықтарсыз немесе түпнұсқа емес ластанған немесе зақымдалған шнурмен және қорек блогымен пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады!

- Іске қосудан бұрын, су резервуарының силикон қақпағының тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

WIFI ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛУДЫ БАПТАУ

қосуды баптар алында Сіздің телефоныңыз үйдегі бар WIFI желісіне қосылғанына көз жеткізуді сұраймыз. Үйдегі WIFI желісі болмаған жағдайда, үй желісін құру (роутерді орнату және интернетті қосу) үшін, мамандырылған компанияға жүгініңіз. Үйдегі желінің роутері 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істеу керек, желі режимі 802.11 b/g/n орнатылған болуы тиіс.

Мобильді құрылғыдағы Polaris IQ Home қосымшасын ашыңыз.



Маңызды! Егер бағдарлама Сізге ұсынатын болса, аспаптың жаңа нұсқасын үнемі жүктеп алыңыз.


Қолданбаға сұратылатын барлық рұқсаттарды беруді сұраймыз – кері жағдайда функциялардың бөлігі қолжетімсіз болуы мүмкін.

Аспапты қолданбаға алғашқы рет қосқанда VPN және жарнама бұғаттағышын (мысалы, AdGuard) сөндіріп қою керек. Қосу рәсімі аяқталғаннан кейін оларды қайта іске қосуға болады.

IOS және Android ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ БАР ТЕЛЕФОНДАР ҮШІН

Жаңа құрылғыны конфигурациялау:

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- Техника санатында "Робот шаңсорғыштар" бөлімін таңдаңыз, ашылған тізімнен құрылғыны (PRWC-3001) таңдаңыз.
- «Жалғастыру» басыңыз.
- Қосымшада "PRWC-3001" WIFI желісіне қосылуға сұраныс пайда болады, "Қосу" түймесін басыңыз.
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
 1. Қосу түймесін 3 рет басыңыз. Сәтті іске қосу қысқа дыбыстық сигналмен, сондай-ақ WiFi индикаторының жылдам жыпылықтауымен расталады.
 2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
- Қолжетімді WIFI желілері бар экран көрсетіледі. Қажетті желіні таңдаңыз және құрылғыны баптағыңыз келген WiFi желісінің құпиясөзін енгізіңіз және «одан әрі» басыңыз
- Конфигурация рәсімі аяқталғанын күтіңіз.
- «Жалғастыру» басыңыз.
- Егер түйіндесу орын алмаған болса, кофеқайнатқышты зауыттық баптауларға қайтаруды жүргізіңіз (төмендегі сипаттаманы қар.). Қосу баптауын қайталап жүргізіңіз.



Бұрын конфигурацияланған құрылғыны түйістіру:

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- "Сіздің жаныңызда" тізімінде PRWC-3001 аэрогрилін таңдаңыз (Егер құрылғы желіде болмаса - мобильді құрылғының құрылғы конфигурацияланған WIFI желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз).
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
 1. қосу түймесін 3 рет басыңыз. Сәтті іске қосу қысқа дыбыстық сигналмен, сондай-ақ WIFI индикаторының жылдам жыпылықтауымен расталады.
 2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.

Құрылғыны басқа WiFi желісіне қайта конфигурациялау (диагностикалау режимі):

- «Үй» экраны «Жаңа құрылғы» түймесін басыңыз.
- Техника санатында "Робот шаңсорғыштар" таңдаңыз ашылған тізімнен құрылғыны таңдаңыз (PRWC-3001)
- «Жалғастыру» басыңыз
- Қосымшада "PRWC-3001" WiFi желісіне қосылуға сұраныс пайда болады, "Қосу" түймесін басыңыз
- Келесі экранда Сізден құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
 1. Қосу түймесін 3 рет басыңыз. Сәтті іске қосу қысқа дыбыстық сигналмен расталады, WiFi индикаторы жылдам жыпылықтай бастағанша 10 секунд күтіңіз.
 2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз
- Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру» - бұндай жағдайда құрылғы ағымдағы WiFi желісіне конфигурацияланған күйі қалады, бірақ сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе «Құрылғыны қайта конфигурациялау» - мұндай жағдайда Сізге құрылғыны жаңа WiFi желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
- Егер Сіз «құрылғыны қайта конфигурациялауды» таңдаған болсаңыз: құрылғыны баптағыңыз келетін WiFi желісінің атауы мен құпиясөзін енгізіп, «Қосу» түймесін басыңыз.
- Конфигурация рәсімі аяқталғанын күтіңіз.
- «Жалғастыру» басыңыз.

АСПАПТЫ WIFI ЗАУЫТТЫҚ БАПТАУЛАРЫНА ҚАЙТАРУ

Қосу түймесін 6 рет басыңыз.

Сәтті қосылу үш қысқа дыбыстық сигналмен расталады, содан кейін WiFi индикаторы өшеді.



6 рет басыңыз



ҚОСЫМШАДА ҚОЛЖЕТІМДІ АСПАП ФУНКЦИОНАЛЫ

1. Аспапты қашықтықтан басқару:



Назар аударыңыз! Жұмысты бастау алдында құрылғыны желіге қосыңыз, терезеге бекітіңіз және қосу түймесін 2 секунд ұстап тұрыңыз.

Қосымшада тазалау сценарийлерін басқару қолжетімді:

ЖОҒАРЫ, СОДАН СОҢ ТӨМЕН

↑ "жоғары" түймесін  басқан кезде, робот-жуғыш тазалауды бастайды, жоғары қарай қозғалады, содан кейін солдан оңға қарай ирек тәрізді траекториямен төмен түседі.

СОЛҒА, СОДАН СОҢ ТӨМЕН

⊕ түймесін  басқан кезде, робот-жуғыш оңнан солға қарай зигзаг тәрізді траекториямен төмен түсіп, тазалауды бастайды.


ОҢҒА, СОДАН СОҢ ТӨМЕН

⊕ түймесін  басқан кезде, робот жуғыш солдан оңға қарай зигзаг тәрізді траекториямен төмен түсіп, тазалауды бастайды.

Сұйықтықты шашыратуды реттеу: авто немесе қолмен басқару. Мұнда қолмен - роботтың терезеге су бермеуі, құрғақ тазалауды жүргізу үшін қолданылады.

Сұйықтықты мәжбүрлеп бүрку түймесі: робот суды бір рет бүрку үшін басыңыз.

2. Аспапқа қолжетімділік құқықтарын бақылау: құқықтарды бақылауды іске қосу үшін Сіз қосымшадағы құрылғы бетіне өтіп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы параметр таңбасын («жұлдызша») басып, «Құқықтарды бақылау» тармағын таңдап, «Құқықтарды бақылауды қосу» ажыратқышын «қосылған» күйіне ауыстыру керек. Осыдан кейін Сіз автоматты түрде оған толық қолжетімділік құқығы бар құрылғы әкімшісі боласыз, барлық басқа пайдаланушылар «қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады. Сіз әр пайдаланушы үшін жеке кіру деңгейін анықтай аласыз. Құрылғыны басқару функциясын іске қосқаннан кейін құрылғыға қосылатын барлық жаңа пайдаланушылар «қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады және құрылғыны Сіз немесе аспаптың басқа әкімшісі осы пайдаланушыға тиісті басқару құқығын бергенге дейін басқара алмайды.




3. Құрылғымен бөлісу мүмкіндігі

Сіз өзіңіздің құрылғыңызды басқаруды Polaris IQ Home қосымшасы орнатылған кез келген адаммен жай ғана бөлісе аласыз. Бұл үшін Сізге қосымшадағы құрылғы бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басу, «Құқытарды бақылау» тармағын таңдау және оң жақ жоғарғы бұрыштағы «Бөлісу» символына басу қажет. Осыдан кейін Сіз экранда осы құрылғының QR кодын көресіз.

қабылдайтын тарап осы QR-кодты сканерлеуі үшін, ол қосымшаның басты экранында («Жаңа аспап») түймесін басу керек және шыққан терезеде оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасына басу қажет. Содан кейін телефон камерасын жіберетін тарап ұсынған QR кодқа бағыттау қажет және жүінің көмексөздеріне сүйену керек.

QR коды кез келген ыңғайлы әдіспен жіберуге болады: пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер. Аспаптың QR коды аспапта Reset режимі іске қосылғанша өзгеріссіз қалады. Reset-тен кейін ескі QR коды енді әрекет етпейді.




4. Қолдау қызметімен байланыс

«Профиль/Қолдау» мәзіріне кіріңіз және жаңа хабарламаның оң жақ жоғарғы бұрыштағы белгішесін басыңыз – қолдау чаты ашылады. Өзіңіздің мәселелеріңізді сипаттаңыз, скриншоттар мен бейнелерді қоса тіркеңіз. Қолдау қызметінің мамандары Сізге барлығының басын ашуға көмектеседі.

5. Қосылу күйін мониторингтеу

Аспап баптауларында тиісті түймені басып, желінің барлық учаскелеріндегі қосылу сапасын бағалауға және ұсыныстар алу мен қосымша баптаулар жүргізуге арналған әмбебап көмекшіні іске қосуға болады.



WIFI ҚОСЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

МӘСЕЛЕ	СЕБЕБІ	ЖОЮ ТӘСІЛІ
Құрылғы WiFi роутерге қосыла алмайды	1. Қосу процесінде іркіліс орын алады	a) Сіздің аспабыңыз қолданбада қолданылатынына көз жеткізіңіз: қолданбаның басты мәзірінде «Құрылғы қосу» түймесін басыңыз және «Барлық құрылғылар» тізімін ашыңыз; b) Сіздің роутеріңіз 2.4 MHz жиілікте жұмыс істеп тұрғанына, 802.11 b/g/n желілік режиміне, маршрутизатор баптауларында провайдерден (интернет қызметтерін жеткізушіден) DNS автоматты түрде алу орнатылғанына, желі атауында орыс әріптері мен қызметтік символдар (%/? және т.б.) жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін, өз роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз; c) Сіздің роутеріңіз кіріс қосылуларға қосымша шектеулер (мысалы, тек қана көрсетілген MAC-мекенжайларды қосу) қоймайтынына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін өз роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз. d) Сізге бағдарламаның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз; e) Алғашқы рет іске қосқанда телефонда VPN және жарнаманы бұғаттаушыларды сөндіріп қойыңыз, егер орнатылған болса. Егер Сізде Iphone болса, баптаулар/Bluetooth мәзіріне кіріңіз және триггерді «сөндірулі» жайғасымға ауыстырып-қосыңыз. Бұған қоса мұны экранда тартылатын («пердеде») емес, дәл баптауларда жасау маңызды болады. Қосқаннан кейін барлық аталған бағдарламалар мен режимдерді қайта іске қосуға болады. f) Бағдарламаны телефон жадынан жүктеңіз және тағы бір рет іске қосыңыз: телефондағы ашық қосымшалардың тізімін ашыңыз және Polaris IQHome бағдарламасының іске қосылған терезесін жоғары қарай жылжытыңыз, содан кейін бағдарламаны қайталап іске қосыңыз және қосу процесін қайталаңыз; g) Қолданбаға барлық сұраған рұқсаттарды беру қажет. h) Аспапты диагностикалау режимін қосыңыз – Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз; i) Аспап баптауларын жоюды жүргізіңіз (Reset) - Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз
Құрылғы WiFi роутерге қосыла алмайды	2. Қосылу сәтті орындалған, аспап қосымшадағы аспаптар тізімінде көрсетілді, алайда оны басқару қолжетімсіз.	Сіздің телефоныңыз WiFi желісіне кері қайта қосылуды орындағанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін телефонның WiFi баптаулары тарауын ашыңыз және қажеттілік болғанда Сіздің WiFi желіңізге қолмен қосылыңыз.
Құрылғы WiFi роутерге қосыла алмайды	3. Аспап іске сәтті қосылған, алайда қосымшадағы пәрмендерге әрекет етуін кенет тоқтатқан.	Аспаптың парақшасына кіріңіз және оң жақ жоғарғы бөлігіндегі жұлдызшаны басыңыз. Содан кейін «Қосылыс диагностикасы» тараудағы диагностикалау диаграммасымен танысыңыз. Желінің қызыл түсті үшбұрышты жанындағы леп белгісіне басыңыз және интерактивті көмекшінің нұсқауларын орындаңыз



Өзіңіздің мәселеніздің шешімін таппадыңыз ба?

Қосымша ақпаратпен танысыңыз немесе қолдау қызметіне қосымшадағы пайдаланушы бейінінде немесе жедел желі телефоны бойынша хабарласыңыз

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

АҚАУЛЫҚ	ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ
Жұмыстың басында құрылғы қатты дыбыстың сигнал шығарады.	Құрылғы бірқалыпты жұмыс істей алмайды, өйткені үйкеліс тым үлкен немесе керісінше тым аз. Роботты қайта орнатыңыз, әйнектен барлық бөгде заттарды (мысалы, жапсырмаларды) алыңыз.
Құрылғы бірқалыпты жұмыс істемейді.	Тазалауға арналған майлықтар ластануы мүмкін. Майлықтарды ауыстырыңыз.
	Әйнек беті біртекті емес (жапсырмалар жапсырылған). Әйнектен барлық кедір-бұдырларды алып тастаңыз.
	Тазартқыш дискінің бұрандасы босатылған. Бұранданы тартыңыз, бірақ тым қатты тартпаңыз.
Тазалаудан кейін әйнек бетінде дискілердің іздері қалады.	Әйнек тазалауға арналған майлықтар тым лас. Майлықтарды ауыстырыңыз.
Құрылғы барлық терезелерді тазартты, бірақ тоқтамайды.	Операцияны тоқтату үшін  түймесін басыңыз.
Құрылғы әйнектің барлық бетін жуып тастамай, жұмысты уақытынан бұрын аяқтайды.	Жалғастыру үшін  немесе  автоматты тазарту режимін басыңыз.
Құрылғы әйнектің жоғарғы сол жағын сұртпейді.	Терезелердің сұртілмеген бөлігін сұрту үшін қашықтан басқару пультінен терезелерді қолмен тазалау режимін қолданыңыз.

АҚАУЛЫҚ	ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ
Автоматты түрде тазалау түймесін  жоғарыға басқан кезде, құрылғы терезенің жоғарғы жиегін анықтай алмайды.	⊖ Басыңыз, содан кейін  немесе  басып, автоматты тазалау режимін ауыстырыңыз 
Құрылғы белгісіз кедергілермен соқтығысқанда тоқтайды көк және ақ индикаторлар бір мезгілде жыпылықтайды	Роботты қашықтан басқару пультінің көмегімен қауіпсіз жағдайға қайтарыңыз немесе роботты сақтандыру сымарқанынан абайлап тартыңыз: сақтандыру сымарқанын тартқан кезде, құлап кетпеу үшін, ол әйнек шетіне мүмкіндігінше жақын болуы керек. Терезедегі кедергіні жойыңыз. Ауаның ағып кетуіне себеп болған себептің бар-жоғын тексеріңіз.
Түнгі жарықта жылтыратылған әйнекте доға іздері қалады.	Бірінші өту үшін таза құрғақ салфетканы пайдаланыңыз, ол қабыршақ пен құмды кетіреді. Содан кейін майлықты таза майлыққа ауыстырыңыз және үстіңгі тазалау дискісін таза және құрғақ ұстаңыз, ал астыңғысына көбіктенбейтін әйнек жуғыш зат (1 немесе 2 спрей) қосылған су шашыратыңыз. Бакқа жуғыш зат қоспаңыз!
Құрылғы әйнек тазалауға арналған су немесе сұйықтықты шашыратпайды.	Су берудің қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Шашыратқыш бүркікші жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Бакте судың бар-жоғын тексеріңіз. Ол болмаған жағдайда суды толықтырып қую керек.



Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР



Электр аспаптары нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанжЖН 2.1.3684-21 «Қалалық және ауылдық елді мекендердің аумақтарын күтіп-ұстауға, су объектілеріне, ауыз суға және ауыз сумен жабдықтауға, атмосфералық ауаға, топыраққа, тұрғын үй-жайларға, өндірістік, қоғамдық үй-жайларды пайдалануға, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» ережелеріне сәйкес міндетті түрде жинауға және соңынан кәдеге жаратуға жатады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Одан әрі кәдеге жарату үшін, оны мамандандырылған пунктке тапсырыңыз. Осы арқылы сіз қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PRWC 3001 WIFI IQ Home – POLARIS сауда маркасының тұрмыстық электрлік робот-шаңсорғышы

Робот ені: 14,5 см.

Робот биіктігі: 8 см.

Робот ұзындығы: 29,5 см.

Кабельдің қорек блогынан роботқа дейінгі ұзындығы 4 м.

Кабельдің қорек блогынан роботқа дейінгі ұзындығы 1,0 м.

Сақтандыру сымарқанының ұзындығы 4 м.

Суға арналған контейнердің көлемі: 0,05 л.

Аспап қуаты: 72 Вт.

Қорек көзі: аккумуляторлық батарея: Li-ion 650 мАч, 14,8 В

Резервтік АКБ зарядтау уақыты: 4 сағатқа дейін

Резервтік АКБ-дан жұмыс уақыты: 30 минутқа дейін

Зарядтау-қорек құрылғысы

Зарядтау-қорек құрылғысының сипаттамасы:

Кіріс кернеу: 220-240 В

Жиілігі: 50-60 Гц

Шығыс кернеуі: 24 В

Максималды ток жүктемесі: 1.5 А

Қорғау сыныбы - I

Ескертпе: өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

САҚТАУ

Электр аспаптары жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°C төмен емес және плюс 40°C жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары емес және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.

Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптары нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі талаптардың сәйкестігіне растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл
Кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап 36 ай
Акумуляторлық батареяға кепілдік мерзімі: 6 ай
Өндірілген күні: аспап нәлінде көрсетілген

Дайындаушы:
НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД
Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидэо, Шыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР
Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC
Импорртаушы және Дайындаушының РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорртаушысы және Уәкілетті өкілі: "ЭйджиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11 үй, 3 құрылыс, 4 қабат І үй-жай 13 бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78
Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Электрлік тұрмыстық терезе жуғыш робот
Модель: PRWC 3001 WIFI IQ Home

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;

- Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдаланында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
- Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан туындаған ақ шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері;
- Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
- Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған үшкөктерінде металл жемірілуінен;
- Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, шеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
- Авторланған сервис орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуінен;
- Тасымалдау кезінде, оны дұрыс пайдаланбау кезінде, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификацияларға немесе дербес жөндеуге байланысты бұйымның зақымдануы.

4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, дайындаушы кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасқана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеуді тек POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтарының мекенжайлары: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артық қабырғасында орналасқан паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

